

## Қарқаралы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифті бекіту туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 маусымдағы ХХХ сессиясының № VI-30/269 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 4862 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 09 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1), 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарқаралы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарқаралы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енізіледі.

Сессия төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы

С. Нуркенов

Қарқаралы аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ VI-30/269 шешіміне  
1 қосымша

## Қарқаралы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 22.10.2019 № VI-47/398 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м <sup>3</sup>
1	Жайлы үйлер және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,378
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,439
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,474
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,371

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,667
6	Емханалар	1 келіп кету	0,004
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,689
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,137
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,703
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,221
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,025
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,027
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,035
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,022
15	Машиналардан сату	с а у д а орнының 1 м 2	0,194
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,191
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,269
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,229
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,494
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,218
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,247
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,307
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,751
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,203
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,281
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,092

29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,280
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,388
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,002
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Қарқаралы аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ VI-30/269 шешіміне  
2 қосымша

## Қарқаралы ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

Атауы		Жинақталу нормасы м3	1 м3 Тариф (ҚҚС) (теңге)	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көму құны, айына (теңге)
Заңды тұлғалар (1м3)			950	
Жеке тұлғалар	Жайлы үйлер (1 тұрғынға)	1,035	950	82
	Жайлы емес үйлер (1 тұрғынға )	1,343	950	106,3

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;  
м3 - текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК